

КЕЛІСІЛДІ
«З.Г. Мурзагулова атындағы
«Даналық» жоғары медициналық
колледжі» БМ директоры
Ж. Сарымсақов
« 10 » 2025 ж.

БЕКІТЕМІН
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы
С. Дауешова
« 10 » 2025 ж.

«ҮЗДІК АНАТОМ- 2025» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

І. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы Ереже Астана қаласының медициналық колледждердің білім алушылары арасында «Үздік анатом-2025» атты қалалық зияткерлік байқауының (Байқау) мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын, өткізу тәртібін, қорытынды жасау және жеңімпаздарды анықтайды.
- 1.2. Байқау ұйымдастырушылары: Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК және «З.Г.Мурзагулова атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжі» БМ.
- 1.3. Байқау квест-ойыны түрінде өтеді.

ІІ. БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- 2.1. Мақсаты: таңдаған мамандық бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру және мамандықтың беделін арттыру болып табылады.
- 2.2. Міндеттері:
 - білім алушылардың теориялық білімі мен кәсіби құзыреттілігін тереңдету;
 - қатысушылардың интеллектуалдық әлеуетін және эрудициясын арттыру;
 - болашақ мамандығына құрметпен қарауға тәрбиелеу.
- 2.3. Ойын еріктілік, ашықтық, объективтілік, кәсіби өзара көмек көрсету принциптері негізінде өткізіледі.

ІІІ. БАЙҚАУДЫҢ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ОРНЫ

- 3.1. Өткізу күні мен уақыты: 2025 жылғы 15 мамыр, сағат 10.00
- 3.2. Өткізу формасы: офлайн
- 3.3. Жұмыс тілдері: қазақ, орыс
- 3.4. Байқауға қатысу тегін.
- 3.5. Өтетін орны: З.Г. Мурзагулова атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжі» БМ, Астана қаласы, Көктал ауданы 1, Ардагерлер көшесі, 27.

ІV. БАЙҚАУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

- 1.4. Байқауға мамандығына қарамастан медициналық колледждің І және ІІ курс білім алушыларынан құралған 1 команда (құрамы: 3 адамнан артық емес) қатысады.

Ж. Сарымсақов *А.* *С. Дауешова*

Байқауға қатысу үшін қатысушылар командасынан және 3-тен артық емес жетекшілері көрсетілген өтінім жіберілу керек. (Қосымша 1).

Өтінім 2025 жылғы 08 мамырға дейін n.isina@astana-modern.edu.kz электрондық поштасына қабылданады.

1.5. Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

- бірінші кезең - «Таныс болайық» командалармен танысу. Кез келген формада үй тапсырмасы. Регламент - 3 мин. артық емес.

Бағалау критерийлері:

- мазмұндылығы;
- креативтілігі және шығармашылығы;
- орындау мәдениеті.

4.3. Екінші тур- командалар үшін ойында көрсетілген маршрутпен «Анатомия», «Физиология» және «Латын тілі» пәндері бойынша 5-8 тапсырма қарастырылған.

4.4. Орындалған тапсырмаларды бағалаудың негізгі критерийлері:

- кәсібилік;
- шығармашылық;
- жылдамдық;
- ұқыптылық;
- топта жұмыс істеу дағдылары.

4.5. Қатысушыларға Байқау тапсырмаларында қарастырылмаған ұялы телефондар мен басқа да заттарды пайдалануға тыйым салынады

4.6. Байқауды дайындау және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүргізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

- Исина Нагима Саткеновна, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің әдіскері, тел.: 8(701)6447318;
- Шабданова Мейрамхан Амантаевна, «З.Г. Мурзагулова атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжі» БМ директорының ҚОӘЖ жөніндегі орынбасары», тел: 8(775) 9097831;
- Бурашов Сабыр Ергалиевич, «З.Г. Мурзагулова атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжі» БМ арнайы пәндер оқытушысы, тел. 8(705)4483251;
- Қалыбекова Әсемгүл Ахметқызы, «З.Г. Мурзагулова атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжі» БМ арнайы пәндер оқытушысы, тел. 8(776)1952947;
- Оразаева Перизат Базарбаевна, «З.Г. Мурзагулова атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжі» БМ арнайы пәндер оқытушысы, тел. 8(747) 5553191.

V. ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРУ

1.6. Байқаудың қорытындысын шығару үшін «Астана медицина университеті» КЕАҚ, практикалық денсаулық сақтау, қоғамдық ұйымдар өкілдерінен және тәжірибелі педагогтерден қазылар алқасы құрылады.

1.7. Ең көп ұпай жинаған команда «Үздік анатом-2025» байқауының жеңімпазы болады.

1.8. Жүлделі орындарға ие болған қатысушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

1.9. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

1.10. Байқаудың қорытындысы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК <https://astana-modern> және <https://cdanalyk.kz> З.Г. Мурзагулова атындағы «Даналық» жоғары медициналық колледжі сайттарында орналастырылады.

**«ҮЗДІК АНАТОМ - 2025»
АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК БАЙҚАУЫНА
ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ**

Білім беру ұйымының толық атауы	Қатысушылардың (білім алушылар) тегі, аты (толық)	Команданың атауы	Қатысушыларды дайындаған педагогтің тегі, аты-жөні (3 артық емес)	Топ жетекшісінің байланыс телефоны
	1. 2. 3.			

Колледж директоры _____

Аты-жөні, қолы _____

